

"Лениногорск полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының байытылған қалдықтарынан бағалы металдар өндіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 қаңтардағы N 73

Қазақстан Республикасының түсті металлургиясына шетел инвестицияларын тарту, онда өндіріс қалдықтарын өңдеудің тиімді экологиялық таза технологиясын пайдалану және бағалы металдар шығаруды ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Казголд" акционерлік қоғамының "Лениногорск полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының байытылған қалдықтарын өңдеу жөніндегі ұсынысы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Лениногорск полиметалл комбинаты" АҚ байытылған қалдықтарынан бағалы металдар өндіру туралы "Казголд" АҚ-мен келісімге қол қоюға өкілет беріліп, онда мыналарды қарастырсын:

- "Казголд "АҚ-на" Лениногорск полиметалл комбинаты" АҚ байытылған қалдықтарын өңдеуге және келісімнің қолданылатын уақытында олардан бағалы металдар өндіруге ерекше құқық беру;

- тиімді экологиялық таза технологияны пайдалану және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген барлық заңдылық нормаларын сақтау жөніндегі "Казголд" АҚ міндеттемесі;

- көзделген мерзімде қалдықтарды өңдеуді ұйымдастыру жөніндегі "Казголд" АҚ міндеттемелері орындалмаған жағдайда Қазақстан тарапының келісімді біржақты бұзу құқы;

- Басқа да қажетті жағдайлар.

2. Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Казголд" АҚ-на "Лениногорск полиметалл комбинаты" АҚ-ның байытылған қалдықтарын өңдеуге лицензия берсін. Қазголдтың Қазақстан Республикасының кен орнын пайдаланбайтынын, кен-металлургия өндірісінің қалдықтарын өңдеуді ұйымдастыратынын ескеріп, роялти төлеу көзделмесін.

3. Бағалы металдарды аффинирлеу Қазақстан Республикасында жүргізілуі тиістігі жағдайында республиканың аффинаж заводтарына мынадай шарттар қойылсын:

- заводтың LBMA стандарттары бойынша алтын мен күмісті тазалау туралы куәлігі бар ("London Bullion Mfrket Association" (LBMA) сертификаты болуы тиіс;

- заводтың техникалық мүмкіншілігі және қоспаны тазалауға берген күнінен бастап

бес күн ішінде тазалауды мойнына алған міндеттемесі болу тиіс;

- завод жұмысты халықаралық бәсеке бағасы бойынша орындауы тиіс.

Аффинаж заводтары қоспаны тазалау жөніндегі аталған шарттарды орындамаған жағдайда "Казголд" АҚ-на Доре қорытпасын толлингтік негізде шетелдік рафинациялау кәсіпорындарында аффинирлеуге құқық берілсін.

4. "Алтын запасы мен алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Казголд" АҚ барлық өндірілген бағалы металдарды Ұлттық Банктің Мемлекеттік сақтауына алу және тіркеуі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне табыс етеді деп белгіленсін. Мұнда сату бағасы тікелей сатылған күніне байланысты сауда күніндегі 99,9 процент тазалықтағы алтын мен күміске арналған металдардың Лондон биржасындағы күндізгі белгіленген бағасы бойынша АҚШ долларында белгіленуі тиіс.

Ұлттық Банк жоғарыда аталған бағалар бойынша "Казголд" АҚ-нан бағалы металдарды алудан бас тартқан (немесе ұсыныс жасасқан күннен кейін келесі күні оның келісімін алмағанда) ерекше жағдайларда "Казголд" АҚ-на өндірген бағалы металдарды халықаралық рынокта экспорттау мен сату құқы берілсін.

5. Осы жобаны жүзеге асыру үшін алған шетел кредиттері мен займдарын өтеу кезеңінде "Казголд" АҚ валюта түсімін міндетті түрде теңгеге конверттеуден босатылсын.

6. Жобаның шетелдік кредит берушілерінің талаптарын ескеріп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне "Казголд" АҚ-на кредит берушілердің келісуі бойынша шетел банкілерінің бірінде "эскроу" оффшорлы есепшот ашу құқын беру ұсынылсын.

7. "Казголд" АҚ "Қазақ ССР-індегі шетел инвестициялары туралы" 1990 жылы 7 желтоқсанда қабылданған Қазақ ССР Заңының 20-бабы бойынша осындай кәсіпорындарға берілетін жеңілдіктерді пайдаланатын, 1992 жылы құрылған, шетел инвестицияларымен жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде белгіленсін. Қаржы министрлігі мен "Казголд" АҚ әзірлеген салық келісімі мақұлданып, Қазақстан Республикасының Қаржы министріне осы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан қол қою өкілдігі берілсін.

<*>

Ескерту. 7-тармақтың 2-абзацының күші жойылды - ҚРҰ-нің
1998.10.30. N 1114 қаулысымен. P981114_

8. "Казголд" АҚ және оның шетелдік акционерлері "Казголд" АҚ өндірістік үй-жайларының құрылысына дейін және Лениногорск полиметал комбинатының қызметінен, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зияннан туындайтын әлдебір борышкерлікте, міндеттілікте немесе өзіне дейін келтірілген залалға жауапкершілікте болмайды

деп белгіленсін.

9. "Казголд" АҚ-ның осы жобаны жүзеге асыру барысында туындаған және келіссөздер жолымен реттелмеген барлық дауларды Стокгольм Сауда Палатасы бекіткен Төрелік ережелеріне сәйкес Стокгольмде, Швецияда халықаралық төрелікте қарау туралы ұсынысы келісілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі